ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»
Ғылыми жұмыс және
инновациялар жөніндегі
проректоры
Ж.С.Сүлейменов

AUEZOV
UNIVERSITY
1943

6В03210 (5В091000) - "Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша
XIII Республикалық студенттік олимпиаданы өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Шымкент, 2021

6В03210 (5В091000) - «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің базасында өткізілетін XIII - Республикалық студенттік олимпиаданың

ЕРЕЖЕСІ

Олимпиада кітапханалық - ақпараттық білім саласында кәсіби қызмет үшін қажетті жеке қасиеттерді дамытуды анықтау мақсатында Республикалық студенттік олимпиадалар шеңберінде өткізіледі және талантты студент жастарды қолдау факторларының бірі болып табылады, сондай– ақ 6В03210 (5В091000) – «Кітапхана ісі» білім бағдарламасы бойынша республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуға команда қалыптастыру үшін өткізіледі.

1. Жалпы ереже

6В03210 (5В091000) – «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша ЖОО студенттік олимпиадасы жыл сайынғы республикалық студенттік олимпиадалар шеңберінде өткізіледі және жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан ББ бойынша білім мен іскерлікті, сондай-ақ болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін практикаға бағытталған шығармашылығын қолданудағы студенттердің күндізгі бұқаралық жарыстар жүйесі болып табылады.

Олимпиада мақсаты:

- студенттерді патриоттық, азаматтық тәрбиелеу, олардың кітапхана ісіне деген құрметін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- кітапхана пәндерін оқу барысында ерекше қабілет пен қызығушылық танытқан студенттерді анықтау;
- кітапханалық білім беруді жаңғырту бойынша, оның ішінде жоғары курстарда бейінді оқытуға көшу бойынша ғылыми-әдістемелік тәжірибені жинақтау.

Олимпиада міндеттері:

- студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;
- студенттердің кәсіби-тұлғалық әлеуетін, олардың өзін-өзі тануын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі растау үшін жағдай жасау;
- студенттердің азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеу;
- білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыру;
- конкурсанттардың кәсіби қауымдастығын қалыптастыру.

Олимпиада ықпал етуге бағытталған:

- 6В03210 (5В091000) – «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша беделі мен мәртебесін арттыру
- дарынды студенттерді анықтау;
- кітапханашы мамандығына тарту үдерісінде қатысушылардың шығармашылығын және белсенді кәсіби ұстанымын дамыту үшін жағдай жасау;
- білім беру үдерісінде инновацияларды іздеу және жүзеге асыруда кітапханашылардың кәсіби батылдығы мен дербестігін дамыту.

6В03210 (5В091000) - «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша XIII Республикалық студенттік Олимпиаданың ұйымдастырушылары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының базасында өткізеді. Олимпиадаға 1-3 курс студенттері қатыса алады. Команда құрамы 4 - қатысушыдан тұруы керек.

II. Республикалық студенттік Олимпиаданы онлайн-форматта өткізу тәртібі

6В03210 (5В091000) «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы бойынша студенттік Олимпиада – командалық және жеке сайыс түрінде 3 кезең бойынша өткізіледі.

I тур. Команданың сәлемдесуі үй тапсырмасы ретінде орындалады. Тапсырмада кітапхана саласындағы тәжірибелік жұмысқа, шығармашылық бөлімдерге бағытталуды, мәнін, ерекшеліктерін қамтитын мамандық таныстырылады.
Ұзақтығы - 5-7 мин.
Конкурстық бағалау - 20 балл.

II тур. Команда капитандарының сайысы. Капитандар сұрақтарға дұрыс жауап беруі керек. Әр қатысушыға 3 сұрақтан беріледі. Бұл жағдайда келесі критерийлер ескеріледі: эрудиция, тапқырлық, білім, тез шешім қабылдай білу.

Конкурстық бағалау-30 балл.

Ұзақтығы - 5-10 минут.

III тур. «Әлемді кітап арқылы танымыз», «Оқуға құштар ұлт» тақырыптарында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған кітапхана қызметімен байланысты ғылыми жобаны қорғау.

Жобаны қорғау келесі критерийлер бойынша бағаланады:

1.Жобалық жұмыстың сипаттамалық бөлігі - 15 балл

2.Жобалау жұмысының қолданбалы бөлігі - 20 балл

3. Қоғамдық қорғау - 15 балл

Шығармашылық жобаның жалпы нәтижесі 50 баллмен бағаланады.

Ұзақтығы - 10 мин.

* ***Ескертпелер:*** I және III кезеңдердің тапсырмаларын Олимпиада басталғанға дейін ұйымдастыру комитетіне жіберу қажет

III. Кәсіптік оқыту бойынша XIII Республикалық студенттік олимпиаданың қорытындыларын өткізу тәртібі

Кәсіби оқыту бойынша республикалық студенттік Олимпиаданың жеңімпаздары мен белсенді ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитетінің ұсынысы бойынша студенттер мен оқытушылар қатарынан Дипломдармен марапатталады. Базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы жүлдегерлерді мынадай тәртіппен марапаттауға ұсынады:

1 орын үшін – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі Дипломы (бір командадан артық емес);

2 орын үшін – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің II дәрежелі Дипломдарымен (екі командадан артық емес);

3 орын үшін – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі Дипломдарымен (екі командадан артық емес).

IY. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

6В03210 (5В091000) – «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша студенттік олимпиаданы өткізу барысын ұйымдастыру және әдістемелік мәселелерді шешу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданы өткізу мерзімдері мен формасын, тапсырмалардың саны мен мазмұнын айқындайды, тапсырмаларды бағалау шарттары мен өлшемшарттарын әзірлейді, тапсырмаларды тексеру және бағалауға жауаптыларды тағайындайды, сондай-ақ қатысушылардың апелляцияларын қарайды.

Жауаптылар:

Отарбаева Г.К. - кафедра меңгерушісі, т.ғ.к, доцент, тел.: 87017154679
e-mail: gul 4979@mail.ru
Лабенова Р.С. - магистр, аға оқытушы
Сейтімбетова Д. Е. - магистр, аға оқытушы
Тоиева М. Е. - магистр, аға оқытушы